

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 963 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1102 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.09.28 № 1102 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 10, 111-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесінде:

мемлекеттік тілдегі мәтінде 3-тармақтың 2) тармақшасындағы "жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізде жүргізіледі." деген сөздердің алдынан ";" тыныс белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекемелер өткізетін мүліктік жалға алу жөніндегі қызметтерді сатып алуға арналған конкурстарға қатысу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі